

Қызылқия ауылы округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігі Қызылқия ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 3 желтоқсандағы N 95 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 желтоқсанда N 14-6-124 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және Қызылқия ауылы округі аумағы халқының пікірін ескере келе, **ШЕШЕМІН:**

1. Қызылқия ауылы округіне қарасты:

- 1) Қызылқия елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге Н.Тоқтамысов аты;
- 2) Ынталы елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге Қ.Қанходжаев, Б.Дүйсенов, Ж.Маликов, Ә.Иманбердиев, Т.Жаңабаев, С.Серкебаев, Ж.Тұрсынқұлов аттары;
- 3) Айнатас елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге Ынтымақ, С.Мамбеталиев, Қ.Сақбаев, Қ.Керімқұлов, Т.Құлтаев, Н.Жүнісәлиев, Т.Сегізбаева, Ө.Даулетов, Келес, Ж і б е к ж о л ы а т а у л а р ы ;
- 4) Қызылсеңгір елді мекеніндегі атауы жоқ көшелерге Қазыбек би, Н.Машақұлы, А.Ауданұлы, Құрманғазы, Д.Қонаев, Ш.Қалнияз, Т.Құрымбайұлы, И.Тайманұлы а т т а р ы б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округі әкімі:

О.Туребаев